

Батырбаева М.А¹, Күлмесханова С.С², Ақтамбердиева З.С³

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университет

²⁻³Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

АБАЙ – ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ЖАРШЫСЫ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы тұңғыш президент, елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамның рухани құндылықтары мен олардың қоғам дамуында алатын орны, жас ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі, әлемдік жаһандану процесіндегі ұлттық құндылықтардың қаншалықты маңызды екені ерекше аталып көрсетіледі.

Полиэтникалық қоғамда әлеуметтік-мәдени құндылықтардың қоғам дамуында атқаратын рөлі өте жоғары. Осында, жалпы адами құндылықтар – гуманизм, отансүйгіштік (патриотизм), толеранттық, мейірімділік, қайырымдылық сынды адами қасиеттерді ерекше атаған жөн. Бұл қасиеттер жас ұрпақтың өне бойында белсенді азаматтық позицияның қалыптасуына терең ықпал етеді. Осы тұрғыда ұлттық сананы қалыптастыру мен дамытуда ұлы ағартушымыз Абай Құнанбаевтың тұлғасын ерекше атап айтқан жөн. Биыл 2020 жыл қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, ойшылы Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл. Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы Ұлы Абайдың ұлттық тарихта алатын орнын айқындап тұрғандай. Ұлы гуманисттің адамзаттың дамуында ерекше орын алатын шығармашылығы, қоғамды, жастарды тәрбиелеуде мәртебесі өте жоғары. Қоғамда болып жатқан модернизация процестері рухани әлемнің атқаратын рөлін айқындап бергендей.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы, әрине Абай мұрасының пайдасы мен ықпалы өте зор. Елбасымыздың: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға

түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді» - дейді [1].

Ағартушылық - бұл әлеуметтік-мәдени феномен. Абай Құнанбаевтың әрбір сөзі қоғамды дамытуға, жастарды жақсылыққа, адамзатты адамшылыққа (гуманизмге), прогреске жетелеп, бағыт-бағдар көрсетіп тұрғандай. Абай әрбір қазақ баласының білім-ілім үйренгенін бар ниетімен қалады, армандады. Мұндай тұжырымдар мәңгі, әрқашан өзекті болып қала берері сөзсіз. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де ағартушылық бағытта ұғынуымыз қажет [2].

Адамзаттың рухани әлемі тұлғаның жалпыадамзаттық құндылықтардан, әлемдік өркениеттен қаншалықты хабардар екенін көрсетеді. Білім беру институттары, отбасы, мәдениет орталықтары, балаларды дамыту орталықтары мен үйірмелері адамның әлеуметтік-рухани тәрбиеленуінде, дамуында негізгі рөл атқаратын факторлар. Дегенмен, жеке тұлға өз ішкі әлемін өзі жетілдіруі тиіс. Осы тұрғыда бірден-бір бағдаршы Абай шығармалары деп нық сеніммен айта аламыз. Қоғамдық сананы модернизациялау теориялық-практикалық білімдерді жетілдіруде интеллектуалдық фактордың атқаратын рөлінің жоғары екенін ашып көрсетті. Абай айрықша дәріптеген игілікті істің бірі – тіл үйрену. 25-қара сөзінде «Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды», – дейді. [3]

Әлемнің күн сайын емес, сағат сайын өзгеріп жатқан уақытында, Абайдың «Терең ой, терең ғылым іздемейді, өтірік пен өсекті жүндей сабап» деп үнемі сыни көзбен қарауының себебі осында. [4]

Абай ұлттық болмысымыздың шырқау шыңы, мәртебесі. Әлемдік өркениетке Абай арқылы таныламыз. Абайдай данасы бар бақытты халықпыз.

Білім саласын цифрландыру бәсекеге қабілетті қоғамды қалыптастыруға себеп. Жалпы адами құндылықтар азаматтық жауапкершілікті арттырады, жетілдіреді. Осы тұрғыда әлеуметтік жауапкершілікті де дамыту керек, ал бұл оңай шаруа емес. Бірақ, бұл жерде де Абайдың адамшылық туралы формуласы көмекке келеді. Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени процестер ұлттық тарихты

терең зерттеуді талап етеді. Осы орайда зерттеуші-ғалым А.Н Кашкимбаевтың: «Несомненная заслуга казахстанских историков-ученых состоит в том, что они сумели вывести на обсуждение высокого уровня именно те вопросы, которые подлежали изучению в контексте явлений мировой истории» – деген сөздері өте орынды айтылған дегім келеді [5].

Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі тікелей жоғары білімді мамандарға байланысты. Сондықтан, адами капиталдың атқаратын ең маңызды аспектісі - ол білім. Қазақстандық ЖОО көптеген әлемдік және ұлттық рейтингтерден орын алып жүр, бұл да бір еліміздің жетістігі шығар. Атап айтсақ, «Үздік әлемдік университеттер» (QS WORLD UNIVERSITY RANKINGS) британ консалтингтік компаниясының талаптары бойынша: Академиялық репутация – 40%, жұмыс берушілер арасындағы репутация – 10%, оқытушылардың студенттерге шаққандағы үлес салмағы - 20%, шетелдік оқытушылар үлесі – 5%, QS WUR - 2018 рейтингісінде 10 Қазақстандық ЖОО көрсетілген [6].

Абайдың ағартушылығы халқымыздың мәдениетінің, металитетінің көрінісі. Абай мұрасы қоғамның дамуына, ұлттық мектептерді дамытуға, жалпыұлттық сананың өсуіне, қайта жаңғыруына зор ықпал жасады, мәңгі жасай береді. Өмірдің қандай саласында болмасын біз Абайдың ақылын алсақ, айтқанын қаперімізге ұстасақ, ел ретінде, ұлт ретінде арман-мақсаттарымыз әрдайым орындалады деп нық сеніммен айтуға болады. Абай мұраты – бұл елдің мәңгі мұраты. Шоқтығы биік жұлдызымыз.

Әдебиеттер:

1. Егемен Қазақстан Алматы, 09 қаңтар 2020 жыл Алматы 1-3 б.
2. Егемен Қазақстан Алматы, 09 қаңтар 2020 жыл Алматы 1-3 б.
3. Абай. Қара сөз. Алматы, 2011. 59-63б.
4. Абай. Қара сөз. Алматы, 2011. 55-58б.
5. Қазақ тарихы № 9 (186), 2020 75-77б.
6. Аналитический отчет по реализации принципов Болонского процесса в Республике Казахстан, 2018 год. Астана 64с.